

Т. Р. Сейдығалиев, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРЫ

Қазақстандық қоғамның демократиялануы және адам құқығының бекітілуі барлық үш — мемлекеттік, жеке және коммерциялық емес секторлардың тең дамуы кезінде мүмкін болады. Коммерциялық емес ұйымдар мемлекетке және оның институттарына бақылау жасайды. Олар адам құқығын бекітудің қажетті және айқын қоғамдық институты болды.

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтас-тық ұйымының тәрағасы міндетіне кірісті. Бұрынғы Кеңестер Одағы республикаларының ішінен Қазақстан мәртебесі мен абыройы биік халықаралық ұйымға ең алғашқы болып тәрағалық етеді.

Қазіргі уақытта ЕҚЫҰ-ның кеңістігінде бірнеше дағдарыстық аймақтар бар. Олар бола-шақта аймақтық немесе жаһандық деңгейдегі мәселелерге айналуы әбден мүмкін. Әрине, энергетикалық қауіпсіздік, әлеуметтік-экономикалық дамудағы теңсіздік мәселелері, ұлтара-лық және дінаралық қақтығыстар және басқа да қиындықтардың бір мезетте сикырлы таяқ-шаның кәмегімен шешіле салуы мүмкін емес. Сондықтан да, әлемдік мүдде тұрғысынан қақ-тығыстардың алдын алу, ескерту, оларды реттестіру мен қақтығыстардан кейінгі қалпына келтіру шараларымен айналысатын ЕҚЫҰ қызметінің маңыздылығы зор болып отыр. Қазіргі таңда ЕҚЫҰ Еуропа, Солтүстік Америка, Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ аймағының 56 мемлекетін біріктіретін еуразиялық ірі саяси ұйымның бірі.

Қазірдің өзінде Қазақстан ЕҚЫҰ қызметінің негізгі бағыттарымен айналысатын ұйымның барлық құрылымдарымен сындарлы қатынас орнатқан. Ондағы негізгі бағыттары мынадай тұстарды қамтиды:

1. Саяси мәселелер мен қауіпсіздік.
2. Экономикалық мәселелер, ғылыми-техникалық ынтымақтастық, қоршаған ортаны сақ-тау.
3. Гуманитарлық мәселелер мен адам құқығын қорғау.

Жалпы, біздің ЕҚЫҰ-мен арадағы ынтымақтастығымыздың негізгі мәселелерінің бірі ретінде азиялық қауіпсіздік құрылымы және оның негізі болып отырған Азиядағы сенімділік шараларын қалыптастыру екені айтпаса да түсінікті. Әз кезегінде еліміз осы міндетті ескере отырып, әзінің тәрағалығы барысында ЕҚЫҰ-ның нығаюына, оның маңызды пікірталас ала-

ны мен кәпжақты серіктестіктік орнатудың негізі ретіндегі қызметіне өзіндік үлесін қосуды мақсат тұтады.

Сонымен қатар, ЕҚЫҰ-ның Демократия институттары және адам құқықтары жөніндегі бюросы сайлау өткізілетін миссияны қадағалайды. Сонымен қатар ДИАҚ сайлауға дейін біраз күн қалғанда, ЕҚЫҰ-ның қатысушы мемлекеттердің атынан 400 қысқа мерзімдік бақылаушылардың жіберулерін сұрайды. Олар сайлау участігінің ашылуын, сайлауын, дауыс санауын және мемлекет бойында жалпы нәтижелерін бақылайды. Миссия сайлаудың өткізілуі ЕҚЫҰ принциптеріне және халықаралық демократиялық сайлауының үлгісіне сәйкестігін, сонымен қатар мемлекеттің заңнамасына сәйкестігін бағалайды. Бақылаушылар саяси үгіт жүрісін, сайлау заңнамасын және оның заңда қолданылуын, БАҚ жайында жағдайын, сайлау комиссияларының және басқа да маңызды мемлекеттік құрылымдарының жұмысын, сонымен қатар таластылық жағдайының туындалуы кезіндегі шешілу процесін мұқият зерттейді. ДИАҚ президенттік сайлауының бақылау миссиясы ЕҚЫҰ-ның Парламенттік ассамблеясының делегациясымен бірге өз талаптарын біріктіреді.

Сондықтан ЕҚЫҰ-ның қызметі аясына енетін халықаралық міндеттерінің Қазақстан үшін маңыздысы — адам құқығын қорғау, экономикалық және экологиялық қауіпсіздік, қақтығыстардың алдын алу жөніндегі дипломатиялық ұмтылысы, сенімді қарым-қатынастарға жету мен қауіпсіздік жөніндегі шаралар, қаруланудың таралуын бақылау болып табылады.

ЕҚЫҰ мен Қазақстанның жаңа тарихының жаңа беттері енді басталды. Тәрағалық ететін шешуші жыл ағынындамыз. Қазақстан үшін де, халықаралық қауымдастық үшін де маңызды жаһандық оқиғалардың қатарында орын алған бұл кезең ел ішіндегі қарапайым азаматтардың қоғамдағы азаматтық ұстанымының нығаюына, саяси мәдениеті мен белсенділігінің артуына тікелей ықпал етерлік оқиға ретінде әрбуі тиіс.

Қоғамдық пікір демократиялық құндылықтарға жетудің кепілі саналатыны рас. Өйткені демократиялық қоғам қалыптасуында бұқараның билікке ықпалы, саяси шешімдерге қатысуы, саяси үдерістерге белсене қатысуы, азаматтық ұстанымдарын танытуы маңызды.

Тәуелсіздік жылдарында үкіметтік емес ұйымдардың орнау үрдісі бірнеше кезеңде жүрді. Бастапқы кезеңде, 80-жылдардың аяғы мен 1994 жыл аралығында кәбінесе экологиялық, тарихи-ағартушылық және құқық қорғау бағытындағы 400-ге жуық үкіметтік емес ұйымдар пайда болды. 80 жылдар аяғында Қазақстандық «Адилет» ерікті тарихи-ағарту қоғамы және Бүкілодақтық «Мемориал» ерікті тарихи-ағарту қоғамының Алматылық бәлімшесі сияқты құқық қорғау ұйымдары өз істерін бастады. Олар тоталитарлық үкімет құрбандарының құқығын қалпына келтіруге аса кәңіл бәлді. 1990—1991 жылдары «Желтоқсан» қоғамдық құқық қорғау комитеті және саяси репрессия құрбандарының Қазақстандық ассоциациясы құрылды. Бірінші ұйым негізінен 1986 жылы желтоқсанда қатысқаны үшін қылмыстық жауапқа тартылған тұлғалардың құқығын қалпына келтірумен, екіншісі саяси қуғын-сүргін құрбандарының, саяси мақсатпен қоныс аударылған неміс еңбек әскерлерінің құқығын қалпына келтірумен айналысты. 90 жылдардың басында Алматы Хельсинки Комитеті құрылды, ал 1993 жылы Адам құқығы бойынша Алматы Ассоциациясы, адам құқығы және заңды сақтау бойынша Қазақстан-Американ Бюросы құрылды. Қазақстанның жекелеген аймақтарында мынадай құқық қорғау ұйымдары құрыла бастады: Қарағандыдағы адам құқығын қорғау орталығы, облыс орталықтарындағы адам құқығы бойынша демократиялық комитеттің аймақтық бәлімшелері. Екінші кезеңде (1994—1999 жж.) «үшінші сектор» кәбінесе грант жүйесі арқылы халықаралық қорлардың қолдауымен мықты дамуды (үкіметтік емес ұйымдар саны бұл кезеңде төрт есе өсті) басынан кешірді. Ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай (жұмыссыздық, ақшаның құнсыздануы, білім және денсаулық сақтау жүйесінің дағдарысы және т. б.) әлеуметтік бағыттағы, соның ішінде әйелдер, балалар, тұтынушылар т. б. құқықтарын қорғау бойынша үкіметтік емес ұйымдардың пайда болуына әкелді. Мемлекеттік билік бұл кезеңде мемлекеттіліктің және азаматтық қоғамның дамуындағы үкіметтік емес ұйымдардың маңызын, рәлін және күшін әлі түсінбеді, сондықтан «үшінші секторды» нығайтуға қатысқан жоқ. Тек 1999 жылдан бастап Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдар азаматтық қоғам қалыптасуының ажырамас бәлшегі ретінде ел демократиялануының ең маңызды қозғаушы күші ретінде қарастырыла бастады. Тәуелсіздік жылдары кезінде үкіметтік емес ұйымдардың саны он есе өскен, бұл қазақстандықтардың азаматтық белсенділігінің өскенін куәландырады. Әр-

түрлі іс әрекет саласын қамтитын бес мыңға жуық үкіметтік емес ұйымдар бүгін қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелерін шешу бойынша мемлекеттік және қоғам-13

дық ұйымдармен күрделі өзара қарым-қатынасқа түсуде. Мемлекеттік ұйымдардың 10 жылдық іс-тәжірибе барысында Үкіметтік Емес Ұйымдармен — (ҮЕҰ) бірігуге дайын екендігін көрсетті, ең бастысы ҮЕҰ әлеуметтік және экономикалық мәселелерге бағытталды, яғни (әйел адамдарға, балалар, мүгедектер) мәселесін шешуге, толықтырушы және орындаушы ретінде бағытталды.

Мемлекеттік басқару органдары ҮЕҰ-дың құқық қорғаушылық сипатын басқаша қабылдады. ҮЕҰ-дың басты міндеті болып адам құқықтарының мемлекет тарапынан бұзылуына жол бермеу болып табылады. Сондықтан құқық қорғаушы ҮЕҰ қатынасы мен өткізген шараларды әдейі түрде мойындамады (әсіресе 90 ж. XX ғ. ерекше байқалды, ал кейіннен кез келген шараларды басып тастап отырды). Мысалы: (салық тексеру) немесе «тыныш өмір сүру» саясаты әртүрлі құқықтық қатынастарда ҮЕҰ өткізген шараларға (ең бастысы білім және ғылым саласы жағынан) қатысты. Қазақстандық құқық қорғаушы органдар (мысалы, халықаралық құқық қорғау бюросы) кәштеген бағытта бірге әрекет етті. Тұрғындарға құқықтық көмекті қалалық ұйымдар арқылы, заң клиникалары құқық қорғау орталықтары арқылы заңдылық түсініктемелерді баспа материалдары, БАҚ арқылы түсініктеме шараларын өткізді. Сотта азаматтық, қылмыстық, ардагерлерді қорғау, әскери қызметшілерді, бас бостандығынан айырылғандарды, т. б.-дың құқықтарын іске асыруда әкілдік етті. Тығыз және жемісті құқықтық қатынастары ҮЕҰ бірлестік жұмыстарда, басқару органдарға басты мәселе болып қала берді. Аталған ұйым қоғамды жағымды жаққа өзгертуге баса назар аударды. Тек өздерінің қажеттіліктеріне ғана жұмыс жасамай қоғамдық мәселелерге әсер етіп және оларды шешу болып табылды. Бастысы қоғамдық саясатта кәштеген құқықтық органдар жұмыс жасады. Қазақстандағы қазіргі кездегі ҮЕҰ азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған, құқықтық және соттық, сайлау институтында басты рөл атқарады. Құқық қорғау органдары адам құқығы туралы іс-шаралар өткізді, мысалы, БАҚ арқылы адам құқықтарын басты орынға қойды.

Заңға сәйкес орталық және жергілікті органдардың үкіметтік емес ұйымдармен қарым-қатынастары туралы мониторинг өткізу және басты әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жөнінде үкіметтік емес ұйымдардың әрекетінің тиімділігі арта түсуде.